



• ТАЛАПҚЕР – 2024

Грант иегерлері анықталды

2024-2025 жылғы оқу жылына арналған білім гранты иегерлерінің тізімі жарияланды. Жалпы грант саны 94 мыңнан астам. Оның ішінде, 78 мың грант – бакалавриат студенттеріне, 13 мың грант магистратураға берілсе, 3 мың грант болашақ докторанттарға қарастырылған.

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»



Гранттың 99 пайызы 4 жылда тұңғыш рет игерілсе, су тасқынынан зардап шеккен өңір талапкерлеріне 15 382 грант берілген.

Қазақстанда ашылып жатқан шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдары үшін 1 890 грант бөлінген. Одан бөлек, 5 000 нысаналы грант және ауыл шаруашылығы мен ветеринария бағытындағы гранттар толық игерілген.

Биыл 104 121 түлек грантка өтінім берген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда, 10 000 адамға артық көрсеткіш.

Қарағандыдағы Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің ректоры Сәуле Сағынтаева аталған университетті таңдаған білім беру гранттарының иегерлерін ерекше қарсы алды.

– Сіздерге оқуда табыс тілеймін, қабілеттеріңізді дамытуға, кәсіби және тұлғалық өсуде университет тарапынан берілетін барлық мүмкіндікті толық пайдалануларыңызға тілектеспін, – деп атап өтті университет ректоры.

Ауласына қарап, тұрғынын таны



Қарағандыдағы «Құрылысшылар 13» көшесінің ауласы сыртқы келбетімен өзге үйлерден ерекшеленеді. Тұрғындар ауласын өздері жөндеп, абаттандырған. Тазалық жұмыстарына бір кісідей жұмыла кірісіп, «Таза Қазақстан» акциясына да белсене атсалысуда.

Құрылысшылар көшесіндегі ерекше безендірілген үйде барлығы жанартылған. Үш жылдан бері тұрғындар жашырағы жайқалған, түрлі-түсті гүлдері бар аулада өмір сүреді. Мұнда, тіпті, көкөніс те егілген. Қиялдан туған дүниелерді де орнатып қойған. Көшеде өтіп бара жатқан адамдар тұрғындардың еңбегіне тәнті болып, тамсана қарайды.

Осы үйдің қазіргі тұрғыны Жангелді Сұлтанбеков мұнда 2018 жылы көшіп келген. Әсемдікті жаны сүйетін ол ауладағы ағаштар мен гүлдерді өзі суарып, тазалық жұмыстарын жүргізеді. Алғашында аула сұрықсыз, кіреберіс қараңғы әрі лас болған. Тұрғындармен бірлесіп абаттандыруға кіріскен. Әлі де жөндеу жұмыстарын жоспарлап отыр.

– Бұл үйдің 3 жыл бұрын өзгелерден айырмашылығы болмаған. Дәл осы аудандағы баспаналардың көбісі ескі. Тұрғындар мұнда алғашында лас аула, сынып жатқан еден, шыбын-шіркей мен тас қараңғы болғанын айтады. 27 жылдан кейін бір-ақ лифт орнатылған. Қауіпсіздік үшін кіреберіске бейнебақылау камералары қойылды. Бірлесіп арнайы баннер, картиналар, керекті құрылыс жабдықтарын алған. Барлығы тұрғындардың өз ақшасына сатып алынған.

Мұнда тек абаттандыруға ғана емес, тазалық жұмыстарына да ерекше көңіл бөлінеді. Жақында ғана арнайы қоқыс контейнерлері орнатылды. Сонымен қатар, бейнебақылау камерасы қойылып, күзетшілер жұмысқа алынды. Тұрғындар «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына белсенді атсалысуда. Тазалық бірінші өзімізден басталады, – дейді тұрғын Жангелді Сұлтанбеков.

Өз тілшімізден

ҚАРАҒАНДЫ

• МИНИСТРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Жоғары білімнің жаңа көкжиегі

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ғылым елдің бәсекеге қабілетті болуына мүмкіндік беретін өндірістің жаңа технологияларына бағытталуы керек екенін атап өткен. Отандық ғылымды коммерцияландыруға бағытталған жоспары аясында Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Қарағанды облысының тұрғындарымен кездесті. Министр жұмыс барысында Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетіне келіп, оқу орнының жетістіктерімен, әлеуетімен танысты.

Кездесу алдында сондай-ақ, №3 оқу корпусы жанындағы дендропарк аумағын, «Ақылбаев research center» ғылыми технопаркін аралады. Министр білім саласындағы атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар туралы баяндады.

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Министр баяндамасында 2024 жылдың бірінші жартыжылдығындағы негізгі нәтижелер мен жетістіктерге шолу жасап, аймақ тұрғындарының сұрақтарына жауап берді. Жиында «Ғылым» қорына тоқталған министр, ҚарУ-дың өндіріс саласында мамандар дайындауға әлеуеті жоғары екенін айтты.

– Қарағандыда үш мықты университет бар. Металлургияға қатысты, жалпы, Орталық Қазақстанға неміс елінің, Израиль елінің университеттері қызығушылық танытуда. Жоғары білімге қатысты 8 басымдықпен жұмысты бастадық. Осы орайда еліміздің бірқатар өңірлерінде жасанды интеллект саласында кадрлар даярлау



жүзеге асады. 2025 жылдан бастап, Қарағанды университетіне phd докторларды өндіріске даярлауға бағытталған гранттар бөлінеді, – деп атап өтті Саясат Нұрбек.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырыстарының көлемін ұлғайту, шәкіртқақыны артыру мәселесі күн тәртібінде қозғалды. Жоғары оқу орындары профессор-оқытушылар құрамының еңбекақысы мен ғылыми ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдық жалақысын көтеру, ғылым бастамаларды қолдау, ЖОО аралық стандартты және жасанды интеллект

бойынша 15 білім беру бағдарламасын әзірлеу мәселелері көтерілді.

Кездесу барысында Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына ерекше назар аударды. Министр білім қолжетімді, сапалы болуы керектігін ерекше атап өтті.

Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына арнаған Жолдауындағы тапсырмаларды іске асыру барысында сараланған гранттарды енгізу және білім беру несиелерін беру тәсілдері әзірленді. Сондай-ақ, сараланған гранттар

мен жеңілдетілген білім беру несиелері біріктірілетін «Келешек» біріншілік білім беру жинақтау жүйесін енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Министр педагог кадрларды даярлау және қайта даярлау сапасын арттырудың маңыздылығына тоқталды. Оның айтуынша, бүгінде жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламалары «Педагог» кәсіптік стандарты мен мектепке дейінгі және орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын ескере отырып құрастырылған.

► 2-бет

• ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Ұлттарды ұйыстырар ұлы сарын

Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінде «Шығыстың қос жұлдызы: Абай және Науан» атты халықаралық дөңгелек үстел өтті.

Ерканат КЕНЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Мақсаты – бауырлас Қазақстан мен Өзбекстан Республикасы арасындағы екіжақты ынтымақтастықты нығайту және білім беру саласындағы қатынасты дамыту, қазақ тілі мен мәдениетін насихаттау, академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті мен Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университеті арасындағы ынтымақтастық жөніндегі келісімшартқа байланысты бірлесіп, алда атқарар жұмыстарды талқылау мен нақтылау.

Басқосу барысында қазақ және өзбек халықтарының рухани байланысы, ерлік рухы мен өнердегі тоғысқан тарихи тұлғалар бейнесі, Абай мен Науандың шығармашылық, рухани үндестігі, жастарды адамгершілікке, ізгілікке насихаттайтын тәрбиелік мұраларына қатысты баяндамалар, қос ғылым ошағы арасындағы оқу үдерісіне, ғылымға қатысты, ынтымақтастыққа байланысты келелі мәселелер сараланды.

Дөңгелек үстелге қос республиканың Елшілігі өкілдері, Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің депутаты, ақын Аманжол Әлтай, Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, профессор Абдуғаппор Киргизбаев, Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университетінің халықаралық қатынастар жөніндегі проректоры Феруза Икром-

хонова және екі тараптың жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамы, студенттер, магистранттар, докторанттар, бұқаралық ақпарат құралдары қатысты.

– Келесі жылы ұлы ақынымыз Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толады. Кемегеріміз Шығыстың Фирдауси, Низами, Саран, Науан сияқты ғұламаларынан нәр алды, рухани суындады. Осындай терең рухани байланыс өсіп келе жатқан ұрпағымыздың санасына сіңіріліп, кеңінен деріптелуі керек. Іс-шараның тағы бір маңыздылығы 7-8 тамызда Қазақстанға мемлекеттік сапармен Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев келгелі отыр. Бұл бауырлас екі ел арасындағы өзара ынтымақтастық пен татулықты нығайта түспек, – деді құттықтау сөзінде университет ректоры Нұрлан Дулатбеков.

«Өзбекстан – Қазақстан: жалпыға ортақ достық және тату көршілік қағидаты» тақырыбындағы баяндама барысында көршілес ел университетінің ректоры, профессор Абдуғаппор Киргизбаев бүгінде екі ел арасындағы қарым-қатынас достық, тату көршілік және өзара сыйластық қағидаттарында дамып келе жатқанын атап өтті. «Өзбекстан мен Қазақстанның өзара іс-қимылының қазіргі деңгейі екіжақты байланыстың даму басымдығын белгілейтін мемлекет қолбасшыларының қалыптасқан тығыз және сенімді диалогтарының арқасында мүмкін болғанын атап өту қажет» деген парасатты пікірін ортаға салды.

Мұнымен бірге, дөңгелек үстелге қатысушылар байыпты зерттеулерімен бөлісті, заңғар тұлғалар шығармашылығын шендестіріп, рухани мұраның қазіргі қоғамға әсерін таразылады. Маңызды жиын соңында Ғылыми кеңестің шешімімен Низами



атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры Абдуғаппор Киргизбаев мырзаға академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің құрметті профессоры атағы берілді. Әлбетте, бұл жағымды оқиға өзара сенім мен құрметтің жоғары деңгейін, сондай-ақ, ғылыми өзара іс-қимылға ұмтылуы және екі жоғары оқу орны арасындағы байланысты одан әрі нығайтуды айғақтайды.

– Бауырлас, туысқан Өзбекстан Республикасымен екі жақты дипломатиялық қарым-қатынасты, сонымен қатар, руханият саласындағы мәселелерді әртарапты талқылау мақсатында өткен келелі жиын мұратына

жетті деп ой түйеміз.

Айта кету керек, қос университет арасындағы меморандум арқасында бірнеше мәні терең бағыттар бойынша толайым істер атқарылды. Мәселен, бірлескен білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру, оқытушылардың біліктілігін арттыру сынды іс-шаралар қолға алынған.

Рухани тамырластық тереңдей беретініне сенім білдіреміз, – деді Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті филология факультетінің деканы, қауымдастырылған профессор Елдоз Түйте.

Сурет ұйымдастырушылардан



Жоғары білімнің жаңа көкжиегі



(Соңы. Басы 1-бетте)

Осыған байланысты 30 инновациялық білім беру бағдарламасы әзірленді, инклюзивті педагогиканың мазмұны мен пәндерді оқыту әдістемесі жаңартылды, даярлау бағдарламаларының құрылымы қайта қаралуда, педагогтарды даярлаудың тәжірибелік бағыты күшейтілді.

Жатақхана құрылысы мен университеттің инфрақұрылымын дамыту да күн тәртібінде тұрған маңызды мәселе. «Жалпы 2021 жылдан бері Қазақстанда 27 мың орынға лайықталған 126 жатақхана ашылды. Биыл 27 жатақхана салу жоспарлануда, оның 9-ы – жайлылығы жоғары жатақхана, – деді министр.

Саясат Нұрбек бүгінде шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу жұмыстары жалғасып жатқанын атап өтті.

Бұл отандық жоғары білім беру жүйесін дамытуға, білім беру арқылы және озық халықаралық тәжірибе арқылы оның сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысының тапсырмасын және жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу бойынша жұмыс жүргізілуде. Бұл – отандық жоғары білім беру жүйесін дамыту, білім трансферті мен үздік халықаралық тәжірибелер арқылы оның сапасын арттыру, сондай-ақ шетелдік студенттердің үлесін арттыру. Бүгінгі таңда 27 жетекші шетелдік университет Қазақстанда өз филиалдарын ашу туралы шешім қабылдады. Олардың бесеуі елде толыққанды кампустар салуды жоспарлап отыр, бұл білім беру

инфрақұрылымын нығайтуға бағытталған маңызды қадам болады. Халықаралық кампустары бар жоғары оқу орындарына, оның ішінде қазақстандық жоғары оқу орындарымен әріптестік қарым-қатынастарына басты назар аударылды. Өңірлік қажеттілік картасы қалыптастырылды, – деп атап өтті министр.

Кездесу барысында академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті жанындағы «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, тарихшы-ғалым Нұрсахан Бейсенбекова сөз алып, жоғары оқу орнына зерттеу университеті мәртебесі берілуіне қолдау танытқаны үшін министрге профессор-оқытушылар атынан алғыс білдірді.

Сондай-ақ, министр сапарында Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық универ-

ситетінің жұмыс барысымен танысты.

«Энергетикадағы цифрлық технологиялар», «Тау-кен ісіндегі цифрлық технологиялар», «Көліктегі цифрлық технологиялар» ғылыми-білім беру кешендерін, метан энергетикасының сынақ зертханасын аралады. Инженерлік бейіндегі сынақ зертханасына, геосканерлеу орталығына, «Нанометаллургиялық процестер» зертханасына барып, әзірлемелермен және ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың нәтижелерімен танысты.

Бүгінгі таңда университет энергетика, құрылыс саласы мен машина жасау, өндірісті автоматтандыру және жаңа материалдар жасаудың өзекті міндеттерін шешуге бағытталған жалпы көлемі 1 млрд. 400 млн. теңгеден астам 44 ғылыми зертханалық жұмысты орындайды. Осылайша, өңірдің ғылыми әлеуетін қолдау, инновациялық технологияларды әзірлеу, өңірдің өзекті мәселелерін шешу және жергілікті ғалымдарды қолдау көзделген.

Осы орайда облыс әкімінің орынбасары Өлібек Әлденей аймақтағы білім саласының даму қарқыны жайлы баяндады.

Кездесуге қатысушылар өздерін толғандырған сұрақтарға жауап алды.

Жыны соңында министр азаматтарды жеке қабылдады. Өңір тұрғындары ғылым мен жоғары білім, оқу ақысы, жатақханадан орын беру, жұмысқа орналасуға қатысты және басқа да сұрақтар қойды. Көтерілген мәселелер министрдің жеке бақылауына алынды. Жауапты тұлғаларға тиісті тапсырмалар берілді.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• 5 ТАМЫЗ – ҚАЗАҚСТАН МЕДИАТОРЛАРЫНЫҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІ

Мәмілегершіліктің мәні зор

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIII сессиясында этномедиация кабинеттері негізінде медиация орталықтарын құру туралы тапсырмасына орай Қарағандыдағы Достық үйінде медиация орталығы құрылды. Облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикеновтің қатысуымен медиация орталығы кенесінің кеңейтілген отырысы өтті, құрам бекітілді. Өрі алдағы жұмыс жоспары да талқыланды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстан медиаторларының кәсіби мерекесі күні қарсаңында өңірде біршама шаралар өткізілді. Атап айтсақ, Осакаров ауданында «Ел бірлігін нығайтудағы медиацияның ролі» тақырыбында халықпен кездесу, Балқаш қаласында облысымыздың медиаторлары мен келіссөз жүргізушілерінің конгресі өтті.

Ал, отырыста жалпы орталықтың жұмысы пысықталып, жұмыс жоспары бекітілді. Шараға Қазақстан халқы Ассамблеясы-

ның және оның құрылымдарының мүшелері, медиаторлар, қоғам қайраткерлері, келіссөз жүргізушілер, ғалымдар мен белсенді жастар қатысқан еді. Бірқатар маман құрылған орталықтың міндеттері және қоғамдық келісімді нығайтудағы медиацияның ролі туралы баяндама жасады.

Ресми бөлімнен кейін қатысушылар кәсіби медиаторлардың шеберлік сабағына, жанжалды жағдайларды шешу бойынша өткізілген тренингке қатысты. Өрі барлық қатысушыға мерекеге орай құттықтау және Алғыс хаттар табысталды.



Толғақты мәселелер таразыланды

Бірінші қыркүйекте «Күнгей» шағын ауданында 600 орындық жаңа мектеп ашылады. Сонымен қатар, қалада 380 орындық үш жаңа жекеменшік мектеп құрылады. Аймақта биыл 35 ауылдық мектепті жаңғырту жоспарланған. Күрделі және ағымдағы жөндеулер пәндік кабинеттерді, жиһаздарды жаңарту, кітапханаларды, асханаларды және қауіпсіздік жүйелерін жақсартуды қамтиды. Жаңа оқу жылына дайындық барысы туралы облыс әкімінің аппарат жанында білім басқармасының басшысы Гүлбақыт Жүнісова баяндады.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Басқарма басшысының айтуынша, биыл бірінші сыныпқа 16 мыңға жуық бала барады. 420 мектепте 172 мыңнан астам оқушы оқиды.

Қыркүйек айында Бұқар жырау ауданының Новостройка ауылында апатты жағдайдың орнына салынып жатқан 150 орындық мектеп пайдалануға беріледі.

Мектептерді заманауи пәндік кабинеттермен жабдықтау жалғасуда. Биыл 65 мектепке жөндеу жүргізу жоспарланған, бүгінде оның 36-сы аяқталды.

Әлеуметтік осал санаттағы балаларға мектеп құралдарын алуға көмек беріледі. Жалпыға бірдей білім беру қорынан 12 мың оқушы мектеп формасымен және кеңсе тауарларымен қамтамасыз етіледі. Жалпы саны 77 мыңнан астам бастауыш сынып оқушылары мектептерде тегін тамақтана алады.

INDIGO.kz ақпараттық жүйесі арқылы бүгінгі таңда балабақшаларға 5 мыңнан астам бала қабылданды. Жыл соңына дейін облыс бойынша Қарағанды, Шахтинск, Қарқаралы және Шет аудандарында 505 орындық тоғыз мектепке дейінгі ұйым ашу жоспарлануда. Кәсіптік білім беруде еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарды ашуға баса назар аударылды. Мемлекеттік тапсырыс көбейді, оның басым бөлігі техникалық мамандықтарға – металлургия, машина жасау, IT, құрылыс, көлік саласына бағытталды. Биыл 257 білім беру нысанын жөндеуге қаражат бөлінген. Жұмыс оқу жылының басында аяқталуы тиіс, – деді Гүлбақыт Жүнісова.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев барлық жөндеу жұмыстарын уақытында аяқтап, сапасын қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті. Өңір басшысы жаңа оқу жылына дайындықты аяқтау жөнінде тапсырма берді.



Аймақтағы төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Мұрат Қатпанов балалардың шомылуы кезеңіндегі қауіпсіздік ережелері жайлы мәлім етті.

Басқарма басшысының сөзіне сүйенсек, шомылу кезеңінің басынан облыстағы су айдындарында 5 адам суға батып кетті. Оның екеуі көмелетке толмаған. Оқыс оқиғалар шомылуға тыйым салу белгілері бар, шомылу үшін белгіленбеген жерлерде орын алды.

Облыстық мәслихаттың шешімімен шомылуға тыйым салынған 246 орын анықталды. Барлық қа-

уіпті учаскелерде 1327 ескерту және тыйым салу белгілері белгіленді. Су айдындарында адамдардың қаза болуына жол бермеу мақсатында ТЖД қызметкерлері 1600-ге жуық патрульдеу жүргізді. Полиция қызметкерлерімен бірлесіп, су айдындарында 1200-ден астам рейд жүргізді, – деді төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Мұрат Қатпанов.

Рейдтер барысында азаматтардың су айдындарында белгіленген қауіпсіздік ережелерін бұзғаны үшін ескерту және айыппұл түрінде 368 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Жұмыссыз азаматтарды жү-

мысқа орналастыру шеңберінде ТЖД құтқару бөлімшелері халықты жұмыспен қамту орталықтары арқылы 74 қоғамдық құтқарушы тәжірибе жинақтап, білім алды.

Су айдындарында рейдтер, акциялар өткізумен профилактикалық жұмыс күшейе түсті. Судағы қауіпсіздік ережелері туралы ақпарат қоғамдық орындарда таратылады. Бейнероликтер әлеуметтік желілерде және мессенджерлерде орналастырылады. Су айдындарында қауіпсіздік ережелерін бұзушыларға 2,7 млн. теңгеге жуық әкімшілік айыппұл салынды,



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ


– деп атап өтті Мұрат Қатпанов.

Облыста қосымша коммуналдық жағажайлар құру жұмыстары жүргізілуде. Осакаров ауданында оларды Тоқсұмақ және Қарақөл көлдерінің, сондай-ақ, Есіл су қоймасының жағалауында ұйымдастырады.

Мұрат Қатпанов Шет ауданын мысалға келтірді, онда коммуналдық жағажайларды құру және жабдықтау жөніндегі жұмысты жалғастыру керек. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бірқатар қосымша шаралар ұсынылды.

ТЖД қалалар мен аудандардың әкімдерімен бірлесіп коммуналдық жағажайларды құру және жабдықтау жөніндегі жұмысты жалғастыру керек. Қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету, үнемі профилактикалық және ақпараттық жұмыстар жүргізу қажет. Сонымен қатар, бақылау қажет. Рейдтерді жалғастырып, тәртіп бұзушыларды әкімшілік жауапкершілікке тарта отырып, патруль жүргізу керек, – деді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Суреттер
облыс әкімдігінің сайтынан



• ДІН – ДІҢГЕК

Имам елді ұйытты

Абай ауданында қазірде ресми тіркелген 29 діни бірлестік, соның ішінде Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына қарасты 5 бөлімше бар. Мұнда діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жөніндегі түсіндіру, насихат жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Дегенмен, бас жарып, көз шығармаса да, жат ағымдардың жетегінде адасып жүргендерден бұл өңір де ада емес. Соған байланысты облыс басшылығының арнайы шақыруымен аймағымызға келген белгілі теолог, психолог, дінтанушы Нұрлан имам Байжігітұлы осы аптада аталған ауданда қонақ болып, жұртшылықпен «Қоғамдағы дәстүрлі рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру» тақырыбында әңгіме өткізіп, насихат айтты.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл жерде әлеуметтік желіде шынышыл, дәлелді жауаптарым елдің ықыласына бөленіп, баурап алған Нұрлан имамды таныстырып жату артық. Сондықтан да, оны көзімен көріп, ұлағатын тыңдауға жиналғандардың қарасы қалың еді.

Абай қаласының «Юбилейное» концерт залында кешкі сағат 19:00-ден ақшам намазына дейін өткен кездесудің тізгінін қолына алған Нұрлан имам ашығынан ақтарылып, ислам діні мен дәстүріміздің сабақтастығы, ұлттық құндылықтарымызды сақтап, дәріптеу жайында тереңнен толғады. Ол өз сөзінде жиын-тойларда уағыз айтып, сағаттап тұрып алатын кейбір имамдар құсамай, өз пікірін күнделікті өмірден алынған қарапайым мысалдармен дәйектеп, арасында қауалаған көпшілікті күлдіріп те отырды.

Мәселен, ол осы күні көп айтылатын «адал, харам» мәселесіне

келгенде, қазақтың салт-дәстүрі мен ұлттық аспаптарымызды қарап, олардан бездіруге тырысатындарға қисынды уәжімен тойтарыс берді. «Қазағымдай Ислам дінін ұлықтаған халық аз. Кешегі қиын-қыстау заманда біреудің арам қолы тимесін деп қасиетті Құран кітабын бабаларының қабіріне көмген аталарымыз емес пе еді?! Енді кеп, мен неге одан жерінуге тиіспін. Біздің дініміз дәстүрімізбен сабақтасып, әбден біте қайнасып кеткен. Басқалар сәлде, шалма орады деп, мен неге тақиямды шешуге тиіспін?! Қазақ тақиясын шешкен күні мұсылмандықтан кетеді. Сол үшін балаларымыз ана тілінде сөйлеп, домбырамыз төрімізде тұруы керек!» деді. Ал, хиджаб, нихап жайын қозғалғанда, арабтарға еліктеп, бет-аузын тұмшалап алатын қыз-келіншектерімізді орынды сынап, тіпті, Қабаға кіргенде сол араб әйелдерінің өзі бет-жүзі ашық күйінде енетін айтты.

Сондай-ақ, ағайын-туыс арасындағы, отбасындағы қарым-қа-

тынас пен сыйластық төңірегіндегі пікірлері де ойландырмай қоймайды. Нұрлан имамның айтуынша, бүгінде соттардың көп қарайтыны отбасылық дау-дамайлар екен. «Ел боламын десен, бесіңді түзе» демекші, бәрі де бала күнде берілетін тәрбиеден екенін айта келіп, Нұрлан имам «Жейбір еректер әйеліне ауыз аша алмай, баласына боқтатып, соған өзі мән болады. Ал, ертең оның өзін боқтап, жалпы аналар қауымын құрметтемесін сезе ме екен бейбақ?!» деп күйініп, әйелдерді жәбірлеп, ақыр аяғында өлтіруге дейін барған ер адамдарды нағыз сорлылардың қатарына қосты.

Осы күні бүйректен сирақ шығарып, ел ішіне ірікті сап, білсін-білмесін уағыз айтатындардың надандығын сынаған Нұрлан имам қазіргі заманда қараңғылыққа бой алдырмай, ғылым-білімді игеріп, ағылшын тілін үйренудің қажеттігін де еске салды. Өйткені, өзі АҚШ Президенті Джо Байденнің шақыру-



туымен сол елдегі қайырымдылық асына барғанда, Хьюстон қаласының мұсылмандар мешітінде уағыз айтуға тілі жетпей, өте ки-

налғаны да жасырып қалмады.

Кездесу барысында залда жиналғандар Нұрлан имамға қоятын сауалдарын қағазға жазып, жол-

дап, оларға да тиянақты жауап алды. Мысалы, «Меккеге әуе, не жер көлігімен барған қажылыққа санала ма?» деген сұраққа ол «Онда тұрған ештеңе жоқ. Ата-балаларымыз бұрын жаяу-жалпылап барса, ол кезде пойыз да, ұшақ та болмағаннан» деп қысқа да нұсқа жауап берді.

Еліктегеннің жөні сол екен деп, Мұхамед пайғамбардың өзінен жасы едәуір үлкен Хадисаға үйленгені секілді жуырда 22 жас үлкен келіншекпен бас қосқан жігіттің некесін қиып, сол келіншек құралпы оның ата-анасының разылығын сұрарда, өзінің де қысылып, қайран әке-шешесінің ұялғаннан басын жерден көтере алмағанына қынжылыс білдіріп, «Тең – теңімен, тезек қабымен» болуы керектігіне назар аударды.

Сонымен, тағылымы мол кездесу соңында Нұрлан имамға имандай ұйыған елдің атынан Абай Бекей ақсақал алғыс айтып, Ұлы Абайдың кітабы мен ескерткіш мүсінін, Айжан қажы Меккеден әкелген таспығын сыйлап, шәкірті, Абай ауданының бас имамы Асхат Қанатұлы шапан кигізсе, Сәрепті ауылының Жәнібек есімді мәрт азаматы оған ат мінгізді.


Абай ауданы

Сурет автордан

• ДЕМАЛЫС ОШАҚТАРЫНДА

Аң-күспен толықты

Кеншілер өлкесінің хайуанаттар бағы тағы аң-күспен толықты. Атап айтсақ, Африка құрлығынан келген орта бойлы кішігірім зебра табыны мен тәжді тырналар қала тұрғындарының қызығушылығын тудырады. Бұған дейін теледидардан көретін, біздің құрлықты мекен етпейтін аң-құстарды енді кез келген уақытта қызықтауға, олардың тыныс-тіршілігін бақылауға болады.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңадан әкелінген зебралар бірнеше апта бойы карантинде болған. Алайда, қазір олар жаңа өмірге үйренісе бастаған. Хайуанаттар бағының қызметкерлері олар үшін үлкен қоршау салып жатыр. Қоршауды 15 тамызға дейін аяқтау жоспарланған. Сонымен қатар, жануарлар үшін қысқы үй қарастырылыпты.

Хайуанаттар бағы жаңа зебра отбасымен толықты. Олар Боксбургтен (Оңтүстік Африка) әкелінді. Бір еркек және төрт ұрғашы зебра бар. Олар қазір бейімделуден өтті, ойдағыдай қоректенуде. Бұған дейін бізде бір ғана Батыр бар еді. Оны Алматы хайуанаттар бағынан әкелгенбіз. Оның қасына зебралар алғмыз келген. Бірақ, ел аумағынан бұл жануарды сатып ала алмадық. Батыр сәбізді, қызылшаны, қырыққабатты, картопты қуана жейді. Африкадан келген зебралар әзірге мұндай тағамды жемейді. Олар шөп, сұлы, бидайды жақсы көреді. Біз оларды кебекке де үйретеміз. Шынында, зебралар тезірек тамыр жайса дейміз, – деді Қарағанды хайуанаттар бағының директоры Гүлнара Адамбекова.

Бұдан бөлек, хайуанаттар бағы Батыс Африканың Бенин Респуб-

ликасынан тәжді тырналарды да сатып алған. Бұл құстардың бойы – 91-104 см, салмағы – 3,9-5,2 келі, қанаттарының ұзындығы – 183-198 см.

– Бірнеше тәжді тырна әкелдік. Еркегі де ұрғашысы да бар. Бұл – өте әдемі құс. Термофильді, шөпқоректілерге жатады. Қазір оларға қажетті жағдайлар жасалды. Бірінші қабатта тұрып жатыр. Әзірге құстар карантин кезеңінде. Күніне екі рет тамақтанады. Жүгері жармасын, жартылай шикі тары береміз. Алдағы уақытта оларды да шикі өнімге үйретпекшіміз, – дейді Гүлнара Адамбекова.

Бұған дейін Чехияның Хлебны қаласының хайуанаттар бағы біздің зообаққа Бразза маймылдарын сыйлапты. Жақын арада Қарағандыға келуі керек. Олармен бірге ақ валлаби кенгурулары да келуі тиіс.

Биыл хайуанаттар бағымыз үшін коллекцияны толықтыру және дамыту тұрғысынан тарихи жыл болды, – деп атап өтті Гүлнара Адамбекова.

Сонымен қатар, алдағы уақытта хайуанаттар бағы жасыл нәмісими маймылдарымен толықта түседі. Хайуанаттар бағы басшысының айтуынша, жануарларды айырбастау және сатып алу туралы басқа да жоспарлары бар.

• ҚҰҚЫҚ

Сот орындаушылар институтының міндеті не?

Сот орындаушысы – атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындатуға бағытталған шараларды қабылдау бойынша өздеріне заңмен жүктелген функцияларды орындайды. Сонымен қатар, «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушылардың мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәркілеулер үшін тең құқықтары мен міндеттері бар мемлекеттік сот орындаушысы және жеке сот орындаушысы.

Сот актілерін және өзге де органдардың құжаттарын жеке сот орындаушылардың орындауы жөніндегі қызметі атқарушылық құжаттарды орындаудың баламалы тәсілі болып табылады. Жеке сот орындаушыларының қызметі жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтары, заңды мүдделерін, атқарушылық, өзге де іс-әрекеттер жасау кезінде қорғалуын қамтамасыз етуге арналған.

Жеке сот орындаушылар мен мемлекеттік сот орындаушылардың арасындағы айырмашылық мынада: мемлекеттен өндіріп алу, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысты үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке және олармен үлестес заңды тұлғаларға тиесілі заңды тұлғадан өндіріп алу; табиғи монополиялар субъектілерінен өндіріп алу, өндіріп алу мөлшері бір мың айлық есептік көрсеткіштен асатын соманы мемлекет пайдасына өндіріп алу, мүлкті тәркілеу, не мүлкті мемлекетке беру туралы, мемлекет мүддесіндегі үйден шығару, үйге қоныстандыру, үйлерді бұзу, жер учаскелерін алып қою және басқа да істердің санаттары туралы атқарушылық



Коллекция жиналған А.Рамажанов

құжаттарды қоспағанда, жеке сот орындаушысы барлық атқарушылық құжаттарды қабылдай алады.

Сондай-ақ, жеке сот орындаушыларына борышкерден атқарушылық санкцияны өндіріп алу бөлігінде атқарушылық іс жүргізу туралы заңнаманың ережелері қолданылмайды.

Жеке сот орындаушы атқарушылық іс-әрекеттерді өтеулі негізде жүргізеді. Жасаған атқарушылық іс-әрекеттерге ақы төлеу заңнамада белгіленген мөлшерлерге сәйкес жүзеге асырылады.

Атқарушылық құжаттарды орындау қызметімен арнайы лицензия алған жеке сот орындаушы айналысуға құқылы. Лицензия – атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындау шараларын қабылдау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына

рұқсат болып табылады және оны уәкілетті орган тағалымдамандан және аттестаттаудан өткеннен кейін береді.

Жеке сот орындаушысы азаматтарды жеке қабылдауға міндетті. Жеке қабылдау уақытын жұмыс күндері белгілеуі керек. Жеке сот орындаушысының куәлігі, сондай-ақ, тегі, аты және әкесінің аты, жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасының атауы, атқарушы округі, лицензия нөмірі көрсетілген жеке мөрі мен мөртаңбалары болады. Куәліктің, жеке мөрінің және жетонның үлгілерін уәкілетті орган бекітеді. Куәлікті, жеке мөрі, жетонды дайындауды және беруді жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы ұйымдастырады.

Қарағанды облысының жеке сот орындаушылар өңірлік палатасында барлығы 147 жеке сот орындаушысы тіркелген.

Ең алдымен, жеке сот орындаушысының іс-әрекетіне қатысты сұрақтар туындаған жағдайда жеке сот орындаушылар өңірлік палатасына жүгінуге болады.

2024 жылдың I жартыжылдығында жеке сот орындаушылардың іс-әрекеті мен әрекетсіздігіне 533 шағым қарауға түсті. Оның ішінде өтініш берушілердің 13 шағымды бойынша дәлелдер расталды.

Жеке сот орындаушысының әрекеттеріне және әрекетсіздігіне жазылған шағымды мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына тапсыруға болады. Сотқа нақты дәлелдер ұсынылуы шарт.

Әйгерім ЖАҚСЫЛЫҚ,
Қарағанды облысының жеке сот орындаушылар өңірлік палатасының бас маманы

Қазақстан Журналистер одағының Қарағанды облыстық филиалы, әріптесіміз, «Ақтоғай ажары» газетінің бас редакторы Гүлнар Елеусізоваға әкесі
Метай ЕЛЕУСІЗОВТІҢ
қайтыс болуына байланысты қайғырып көңіл айтады.

«SARYARQA» телеарнасының ұжымы әріптесіміз, «Ақтоғай ажары» газетінің бас редакторы Гүлнар Елеусізоваға әкесі
Метай ЕЛЕУСІЗОВТІҢ
қайтыс болуына байланысты қайғырып көңіл айтады.

«Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің ұжымы әріптесіміз, «Ақтоғай ажары» газетінің бас редакторы Гүлнар Елеусізоваға әкесі
Метай ЕЛЕУСІЗОВТІҢ
қайтыс болуына байланысты қайғырып көңіл айтады.



Күмістен кейін алтын күтеміз

Париждегі Олимпиада ойындарында Нариман Құрбанов Қазақстан тарихындағы спорттық гимнастикадан тұңғыш рет күміс жүлде иегері атанды.



нақты соққыларды жасап, артық кимыл істемей, ақылға салып жақсы нәтиже көрсетті. Осы жарыста жеңіліс тапқан жігіттердің есесін Нұрбек қайтара білді деп ойлаймын. Енді бар күшті финалға салып, тыңғылықты дайындаламыз, – деді бапкер Мырзағали Айтжанов.

Ал, боксшы Карина Ибрагимова мен батуттық гимнастикадан Данил Мұсабаев, семсерлесуден Қазақстан құрамасы іріктеу кезеңінен өте алмады.

Олимпиада ойындарында 3 тамыз ширек финалда сынға түскен боксшы Сәкен Бибосынов та қарсыласына жол беріп, Олимпиада ойындарын аяқтады. Дзюдодан Қазақстан құрамасы бразилиялықтарға есе жіберді. Спорттық гим-



настикадан сынға түскен Милад Карими, стэнд атудан Әсем Орынбай және Эдуард Ещенко, велососседен Алексей Луценко және Евгений Федоров жеңіліс тауып, Олимпиада ойындарымен қош айтысты. Айта кетейік, боксшы Назым Қызыбай ширек финалда колумбиялық Ингрид Валенсияны 4:1 есебімен жеңіп, жартылай финалға жолдама алды.

– Ең бастысы кәтелік жібермей, алдап істеуге тырыстым. Себебі, бұл жерде күшпен ештеңе ала алмайсың. Барлығын ақылға салудың арқасында жеңіске жеттім. Әлем чемпионатында бірінші жекпе-жекте осы қарсыласымнан жеңіліп қалған болатынмын. Есемді қайтарғаным өте қуаныштымын. Физикалық тұрғыда бұл жерде барлығы мықты. Алдағы қарсыласым – Азия ойындарының чемпионы. Сондықтан алтын медаль үшін барымды саламын, – деді Назым Қызыбай.

Әрі қарай 4 тамыз ойындарында сынға түскен пневматикалық оқ атудан Никита Чирюкин, жеңіл атлетикадан Дэйзи Джепкемей, Давид Ефремов және Ольга Сафронова іріктеу кезеңінен өте алмады. Ал, жеңіл атлетика спортынан ұлттық құрама спортшысы Нора Джеруто 3000 метрге кедергілер арқылы жүгіруде финалға жолдама алды.

– Мен дәл осы жерде Қазақстанның атынан жарысқа шыққаным үшін қуаныштымын. Бұл – менің бірінші Олимпиадам. Енді финалдық жарысты күтеміз. Қолымнан келгенін барлығын жасайтыным сенімдімін. Жарыста ең қиыны эфиопиялық және америкалық желаяқтармен текетірес болды. Оларды озып өту оңай емес екен. Бірақ, финалда барымды саламын, – деді Нора Джеруто.

Париж Олимпиада ойындарындағы бәсеке тартысты өтуде. Қазақстан 1 алтын, 1 күміс, 2 қоланы қанжығасына байлады.

Аружан СЕРІКБАЙ,
Е.Бокетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті журналистика бөлімінің III курс студенті

Суреттер ашық дереккөзден



жолдама иелене алмай қалған еді. 2021 жылдан кейін әлем кубогы кезеңдерінде жүлде ала бастады. 2023 жылы Доха мен Бакуде өткен әлем кубогында алтын, 2024 жылы Котбустағы (Германия) әлем кубогы этабында алтын медаль иеленді. 2023 жылы Қытайдағы Азия ойындарының қола жүлдегері.

2 тамызда бақ сынаған боксшы Нұрбек Оралбай әзірбайжандық Мұрат Аллахвердиевті 5:0 есебімен жеңіп, жартылай финалға жолдама алған болатын. 4 тамыз күні доминикандық Кристиан Пиналестен айласын асырып, Париж Олимпиадасының финалына өтті. Отандасымыз Нұрбек украиндық Александр Лопез жұбының жеңімпазымен Париж Олимпиадасының алтын үшін сынға түседі. Финалдық бәсеке 7 тамызға жоспарланған.

– Жеңіске жеттік. Мұнымен тоқтамаймыз, алдымызда финал. Бұл жарыста бапкерлердің айтуымен, тактикасымен бәрі ойдағыдай әрі сәтті өтті. Қарсыласым да осал болған жоқ. Әр ойында мені қолдап жатқан барша қазақ еліне үлкен алғысымды білдіремін, – деді Нұрбек Оралбай.

– Әлемдегі мықтылар бас қосқан жарыста әрбір кездесу оңайға соқпайды. Нұрбектің алдыңғы қарсыластары да осал болған жоқ. Барлығы мықты былғары қолғап шеберлері болды. Керек жерде

• СПАРТАКИАДА

Жампоздар жарыс жолында

Спортсүйер жастардың басын қосатын облыстық «Сарыарқа-2024» дәстүрлі жазғы ауыл спартакиадасы биыл да дүркіреп өтті. Биыл спартакиаданың байрағы астықты өлке Нұра ауданында желбіреді. Осымен XXXVI рет өткен ауқымды спартакиаданың биылғысы V Дүниежүзілік көшпенділер ойынына арналды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облысымыздың барлық өңірінен келген қонақтарды аудан орталығы Нұра кентінің халқы құшақ жая қарсы алды.

Спартакиаданың ашылу салтанаты көптеген көрерменнің қошеметімен жергілікті стадионда өтті.

Спартакиадаға қазақ күресінен спорт шебері және самбодан әлем Кубогының қола жүлдегері Бекзат Ахметбеков арнайы келді. Ол – Нұра ауданы Кертінді ауылының тумасы. Көшпенділер ойынына облысымыздың атынан қатысады.

– Бұл – мен үшін үлкен мәртебе. Астана болып, өз көзімен көріп ойын жайлы көбірек білсін деген ниетпен буклеттер тараттым. Қыркүйек айында елордамызда өтетін әлемдік деңгейдегі шара туралы өзім де кеңірек айтты бердім. Ал, мынадай ауқымды спартакиаданы ұйымдастыру оңай шара емес, сондықтан, басы-қасында жүрген азаматтарға мың алғыс. Спорт мерекесіне бала-шағасымен келген жерлестерімді көріп қуанып қалдым. Жерлестеріңнің шаттыққа толы жүздерін көру де бір бақыт қой, – деп атап өтті Бекзат Ахметбеков.



• БӘРЕКЕЛДІ!

Әлем чемпионатына аттанады

Ақтөбе қаласында грепплинг спортынан жасөспірімдер мен жастар арасында Қазақстан чемпионаты өтті. Аталған республикалық біріншілікте кеншілер өлкесінің құрамасы сәтті өнер көрсетіп, қоржынға 15 медаль салды.

Нақтырақ айтсақ, екі алтын, жеті күміс және алты қола медаль. Нәтижесінде тоғыз қарағандылық спортшы қазан айында Астанада өтетін грепплингтен әлем чемпионатына жолдамаға ие болды.

– Облыс намысын ел чемпионатында 17 спортшы қорғады. Құрамында Қарағандыдағы үш клубтың – ADAL, SLS және Magio BROSS, сондай-ақ, Теміртау TemirPRIDE және Сараннан келген «Арыстан» клубының өкілдері бар. Шынын айтсақ, бәсекелестік өте жоғары болды. Өйткені, жарыста грепплингтен әлем чемпионатына іріктеу жүргізілді. Бұл спортшыларды ынталандырды. Оның үстіне ол дүбірлі дода алғаш рет елордамызда өтеді. Әр аймақтың үздік спортшылар жиналды. Облыс құрамасы сапалы дайындықтың, жаттықтырушылар құрамының табанды еңбегінің арқасында жақсы нәтиже көрсетті, – деп атап өтті облыстық грепплинг федерациясының президенті Вадим Брантов.

Атап айтсақ, ADAL клубының 17 жастағы мүшесі Варвара Шкурнопаты екі санатта жеңіске жетті. Gi (кимоно күресі) және No-Gi (кимоносыз күрес).



Шараның басында ел назарына ұсынған театрландырылған қойылым елдің көңілінен шығып, әдемі әсерге бөледі.

Спартакиада алауын жағу мәртебесі аударыспақтан облыстың төрт дүркін чемпионы Қазақстан Республикасының спорт шебері Ерғанат Тайжановқа бұйырды.

Екі күнге созылған спорт додасында 500-ден астам ауыл спортшысы сайысқа түсті. Нақтырақ айтсақ, жарыстар жазғы спорттың 12 түрі бойынша өтті. Оның ішінде, волейбол, шағын футбол, асық ату, бес асық, армрестлинг, кір тасын көтеру, Президенттік көпсайыс, шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ, қазақ күресі және үстел теннисі бар.

Білікті мамандардан құралған төрешілер тобы тартысқа толы спартакиадада әр спорт түрі бойынша жүзден жүйрік, мыннан тұлпарларды анықтады.

Асық атудан Ақтоғай ауданы – I, Бұқар

жырау – II, Шет ауданы – III орынға ие болса, бесаясқ спортынан Нұра ауданы – I, Шет ауданы – II, Бұқар жырау ауданы III орынға жайғасты.

Жазғы Президенттік көпсайыстан Абай ауданы – I, Нұра ауданы – II, Осакаров ауданы – III орынды иеленсе, армрестлингтен Бұқар жырау ауданы – I, Абай ауданы – II, Осакаров ауданы – III орын биігінен көрінді.

Қазақ күресінен Ақтоғай ауданы – I, Шет ауданы – II, Қарқаралы III – орынға жайғасса, тоғызқұмалақтан Қарқаралы ауданына – I, Ақтоғай ауданына – II, Бұқар жырау ауданына – III орын бұйырды.

Волейболдан әйелдер арасындағы жүлделі үш орынды Абай, Шет, Қарқаралы аудандары, ал, волейболдан ерлер арасындағы жүлделі орындарды Ақтоғай, Бұқар жырау, Шет аудандары өзара бөлісті.

Дойбыдан Абай ауданы – I, Осакаров ауданы – II, Қарқаралы ауданы – III орынды иеленсе, шахматтан Абай ауданы – I, Бұқар жырау ауданы – II, Нұра ауданы III орынға табан тіреді.

Ал, үстел теннисінен Абай ауданы – I, Нұра ауданы – II, Бұқар жырау ауданы III орынға жайғасса, кір тасын көтеру бойынша Шет ауданы – I, Абай ауданы – II, Қарқаралы ауданы – III орынға табан тіреді.

Тартысқа толы шағын футбол сайысындағы жүлделі орындар Шет, Қарқаралы, Абай аудандарының спортшыларына бұйырды.

Жалпыкомандалық есепте 134 ұпаймен Абай ауданының спортшылары көш бастаса, Шет ауданының жастары 116 ұпаймен II орынға тұрақтады. Ал, Бұқар жырау ауданының құрамасы 104 ұпай еншілеп, III орынға ойысты.

Суреттер ұйымдастырушылардан



Ал, оның жаттықтырушысы Әміржан Сихимбаев күміс жүлдегер атанды. Спортшы мен тәлімгер бірге әлем чемпионатына жолдамаға ие болды.

Теміртау қаласынан келген балуандар қоржынына тоғыз медаль салып, әлем біріншілігіне төрт жолдама жеңіп алды.

Мадияр Серікбай өз мүмкіндігін сәтті көрсетсе, Әділжан Талғатов екі күміс медальға ие болды. Дмитрий Романенко тәжірибелі қарсыластардан асып түсіп,

өза шапты.

Енді, қазір спортшыларымыз әлем чемпионатында лайықты өнер көрсету, үшін жаттығуды жалғастырып жатыр.

Федерация басшысы жолдамалар әлі де көбеюі мүмкін екендігін айтады. Өйткені, әлі спортшыларымызды балалар мен ересектер арасында грепплингтен өтетін тағы екі Қазақстан чемпионаты күтіп тұр.

Өз тілшімізден

